

ҚҰМЫРСҚА

МҰХАМЕТҚАЛИ МЕРУЕРТ
ОТАРБАЕВА АЭЛИТА
САХИ АРУ
САПАРҒАЛИ БЕКАСЫЛ



Құмырсқа (Formicidae) – жарғақанаттылар отрядының бір тұқымдасы. Құмырсқа Жер шарында кеңінен таралған, тек Қиыр Солтүстікте және Антарктидада ғана кездеспейді. Құмырсқаның 10 мыңдай түрі бар. Олардың көпшілік түрлері тропиктік аймақтарда кездеседі.

- Денесі бас, көкірек және құрсақтан тұрады. Басы үлкен, жақтары жақсы жетілген, ауыз аппараты кеміргіш. Көкірек бөлімі жіңішке, онда үш жұп аяқтары жақсы жетілген. Көпшілік түрлерінің құрсақ бөлімінде шаншары мен улы бездері жақсы дамыған, улы бездерінен бөлінетін сұйықтық – құмырсқа қышқылы деп аталады. Құмырсқалар, көбіне топтанып (10 – 100 мың дарасы бірігіп), арнайы илеу жасап, тіршілік етеді. Әрбір илеуде аталық, аналық, “жұмысшы” және “жауынгер” құмырсқалар болады.

- Жыныстық тұрғыдан жетілмеген топтары – жұмысшы құмырсқалар деп аталады. Олар илеудегі дернәсілдерді, аналық құмырсқаларды қоректендіреді, ауаның алмасуын, ылғалдың бір қалыпты болуын қамтамасыз етеді. Аталық құмырсқалар шағылысып болғаннан кейін өледі. Аналық құмырсқалар ұрықтанғаннан кейін қанаттарын жойып, тек ұрпақ жалғастырады, олар кейде 20 жылға дейін өмір сүреді. Аналық құмырсқаның дене тұрқы ірі.



Әрбір илеудегі құмырсқа топтарының бір-бірімен қарым-қатынасы, негізінен, өздерінен бөлетін ерекше химиялық заттар – феромондар арқылы реттеледі. Олардың иіс, дәм сезуі өте жақсы жетілген. Құмырсқалар илеуін құраған өсімдік сабақтары мен жапырақтарының қалдықтарынан жасайды.

Тропиктік аймақтарда илеу жасамай жеке дара тіршілік ететін құмырсқалардың түрлері де бар. Негізгі қорегі басқа жәндіктер, олардың дернәсілдері және өсімдіктердің жапырақтары мен тұқымдары, шырындары. Бір илеудегі құмырсқалар тәулігіне 10 мыңнан 30 мыңға дейін жәндіктерді жояды. Құмырсқалардың адам денсаулығына пайдасын көп халықтар ерте кездерден-ақ білген. Аяғы ауыратындар кей жағдайларда құмырсқа илеуіне аяғын салып құмырсқаға шақтырған. Мысалы, Қытайда бұдан 5 мың жыл бұрын жазылған “Бың Цау Гаң Му” кітабында құмырсқаның қасиеті туралы қызықты деректер келтірілген. Құмырсқа денесінде 70-тен астам микроэлемент, 20-дан астам амин қышқылы, витаминдер бар. Қазіргі кезде Қытайда құмырсқадан аса бағалы азықтық, дәрілік қасиеті бар препараттар дайындалады.



Тұқымтобында бірлесіп тіршілік ететін бунақденелілердің бірі- құмырсқа.

Құмырсқаның тұқымтобында қанатты аналық – аталық — қанатсыз жұмысшы және әскер құмырсқа бірлесіп тіршілік етеді. Әскер құмырсқаның басы жұмысшы құмырсқадан үлкен болады. Көбейе алмайтын аналық және жұмысшы құмырсқалар илеу салады.

Бұлар өздеріне қорек тауып, аналықты, дернәсілдерді қоректендіреді және жауынан қорғайды. Шілде айында шомбалдау келген аналық құмырсқа ұрықтанудың соңынан қанаттарын өздері жұлып тастайды. Құмырсқалар бір-бірімен мұртшалары арқылы ақпарат алмасады. Қоғамдасып тіршілік етеді.

Америка шатырлы құмырсқалары бірнеше минут ішінде-ақ үлкен ағашты жапырақтан түк қалдырмайды екен. Олар жапырақты дөңгелетіп қиып алады екен да, илеулеріне қарай алып жүреді. Жапырақты жеу үшін емес, олар өздерінің жер асты галереяларының түкпірінде бұл жапырақтарға ерекше бір саңырауқұлақ ұрығын өсіреді. Ол шатырлы құмырсқаның сүйікті асы болып табылады. “Бағбан” құмырсқалар бұл өсімдікке қандай температура мен ылғал қажет болса, тура сондай жағдай жасайды. Адамдар, мәселен, ондай саңырауқұлақты арнайы лабораторияларда бірде-бір рет өсіре алмаған екен.

**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!**